

Құжатты дайындады және қол қойды: САҒДОЛДА Т.Б., 22.06.2023 жылы 12:50 (Астана қ. уақыты бойынша), erdf@kqr.kz
Құжатты келісілді: Қарымсаков Б.Б., 22.06.2023 жылы 13:01 (Астана қ. уақыты бойынша), erdf@kqr.kz

КЕЛІСЕМІН
Алматы облысы
прокуратурасының қылмыстық
қудалау басқармасының облыс
прокурорының көмекшісі
Қарымсаков Б.Б.
2023 жыл 22 маусым

ҚАУЛЫ
күдіктінің іс-әрекеттерін саралау туралы

Қонаев қаласы

2023 жыл 22 маусым

Алматы облысы полиция Департаментінің тергеу Басқармасының аға тергеушісі САҒДОЛДА Т.Б., №231900031000143 сотқа дейінгі тергеп-тексерудің материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

Шығыс Қазақстан облысы, Ұржар ауданы, Тасбұлақ ауылының тумасы, 09.07.1978 ж.т. Мұхаммедкәрім Думан Алмасұлы, Қазақстан Республикасының азаматы, бұрын сотты болмаған, төмендегі жағдайда қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабы 3-тармағына сәйкес, экстремизмді қаржыландыру – жеке тұлғаның не адамдар тобының не заңды тұлғаның іс-әрекетінің экстремистік сипатын не берілген мүліктің, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің экстремизмді жүзеге асыру не экстремистік топты, экстремистік ұйымды, заңсыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдық жасауы, қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі болып табылады.

Осы Заңның 4-бабына сәйкес (экстремизмді қаржыландыруға жол бермеу), Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің Қазақстан Республикасының аумағында экстремизмді қаржыландыруға бағытталған қызметіне тыйым салынады.

Осы бапта көзделген мән-жайлар байқалған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік және

«Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізлімі» АЖ

халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, жеке және (немесе) заңды тұлғалар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

2018-жылдың 13-наурызында Астана қаласы Есіл аудандық сотының шешімімен Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының арызы негізінде Қазақстан әділет органдарында тіркелмеген «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысы (әрі қарай - ҚДТ) экстремистік ұйым деп танылған. Сотпен «ҚДТ» қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, оның ішінде интернет желісінің Қазақстандық сегментінде істейтін интернет-ресурстарда және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желісінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлер және бейнехостингтерде, сондай-ақ ақпараттық материалдарды таратуға тыйым салынған. Сот шешімі дереу орындалуға жатады. Сот шешімі 14.04.2018 жылдан бастап заңды күшіне енді.

2020-жылғы 19-мамырындағы Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының шешімімен «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (ҚДТ) экстремистік ұйымының атауын «Көше партиясы» қозғалысына өзгерткенін анықтады. «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (ҚДТ) экстремистік ұйымының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, оның ішінде Интернеттің қазақстандық сегментінде жұмыс істейтін интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникацияларда, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және видеохостингтерде, сондай-ақ ақпараттық материалдарды «Көше партиясы» атауымен таратуға тыйым салынған. Сот шешімі дереу орындалуға жатады. Сот шешімі 20.06.2020 жылдан бастап заңды күшіне енді.

АДЖК-нің 240-бабына сәйкес (сот шешімінің заңды күшіне енуі) бірінші сатыдағы соттың қаулысы шағымдану мерзімі өткеннен кейін, егер шешімге шағым жасалмаса немесе прокурор апелляциялық шағым бермесе заңды күшіне енеді.

Д.А.Мұхаммедкәрім осы «ҚДТ» экстремистік ұйымның жақтаушысы болып, «Youtube» бейнехостингіне «ND» атауымен тіркеліп, жоғарыда көрсетілген экстремистік ұйымының көзқарасын және оның басшысы М.Аблязовтың идеяларын үгіттеп, ақпараттық материалдар арқылы пікір білдіру жолымен қолдау көрсеткен.

Атап айтқанда, Д.А.Мұхаммедкәрім бірнеше мәрте ПО-ның және прокуратура қызметкерлерімен «ҚДТ» қозғалысы Астана қаласы Есіл аудандық сотының шешімімен экстремистік ұйым деп танылғаны туралы профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, 2022-жылғы 20-желтоқсан күні «Youtube» бейнехостингіндегі «ND» арнасында, «ND ЭКЗКЛЮЗИВ! ЖЫРАҚТА ЖҮРГЕН ШАХМАТШЫ. МҰХТАР ӘБЛЯЗОВПЕН ТІКЕЛЕЙ ЭФИР – 20.12.2022 (16:00)» атты, 2 сағат 22 минут 10 секундқа созылған бейнежазбаны жариялаған.

Д.А.Мұхаммедкәрім «Youtube» бейнехостингіндегі «ND» арнасында, «ҚДТ» қозғалысына ақша жинау үшін шоттардың деректемелерін ашық нысанда сол арнада орналастырып, «ҚДТ» қозғалысына ақша жинауды жүзеге асыра бастады.

Сондай-ақ, бейнежазбада М.Әблязовтың мемлекеттік билікті күштеп құлатуға және ҚР конституциялық құрылысын өзгертуге насихаттап, үгіт жүргізіп, жария түрде шақырып отырғаны, ал осы уақытта Д.Мұхаммедкәрім оның үндеулерін қолдайтынын көрсетіп отырғаны көрінеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында «Youtube» бейнехостингіндегі «ND» арнасына қарау жүргізіліп, сол арнадағы «ND ЭКЗКЛЮЗИВ! ЖЫРАҚТА ЖҮРГЕН ШАХМАТШЫ. МҰХТАР ӘБЛЯЗОВПЕН ТІКЕЛЕЙ ЭФИР – 20.12.2022 (16:00)» атты бейнежазбасы «USB» тасымалдағышына көшіріліп, қағазды конвертке салынып, мөрленді.

2023-жылғы 11-мамыр аталған бейнежазба бойынша саясаттанушыны бір жолғы тәртіппен сарапшы ретінде қатыстыру арқылы кешенді сот психологиялық-филологиялық сараптама тағайындалды.

2023-жылғы 8-маусымның №2810 саясаттанушыны бір жолғы тәртіппен сарапшы ретінде қатыстыру арқылы кешенді сот психологиялық-филологиялық сараптаманың қорытындысына сәйкес,

1. Зерттеуге берілген бейнежазбадағы журналист Думан Мухамедкәрімнің Мұхтар Аблязовтан алған сұхбаты бұрынғы және қазіргі билікті сынауға, ҚР оппозиционерлерінің іс-әрекетін теріс бағалауға, елде болып жатқан саяси, экономикалық өзгерістерге өз көзқарасын білдіруге және халықтан қаржылай көмек сұрауға, бейбіт түрде саяси өзгеріс жасау керек екенін айтуға бағытталған;

2. Зерттеуге ұсынылған материалда митингі ұйымдастыруға және билікті күшпен басып алуға шақыратын үндеулер жоқ;

3. Аудиторияның әр тектілігіне байланысты: тыңдармандардың дүниетанымы, түрлі мәдени, өмірлік тәжірбиесі, жалпылай білім алу деңгейіне сәйкес бұл талданылған бейнежазбадағы сұхбаттасу барысында жағысмыз сыни және эмоционалдық бағалаудың болуы, авторлардың көтерілген мәселеге деген көзқарасымен және оны шешу жолдарымен хабарлауы байланысты – функционалды әсерімен қатар, сондай-ақ, ҚР оппозиционерлері мен ҚР партияларының іс-әрекеттерін теріс бағалауы, ҚР Президенті мен билік өкілдеріне қатысты жағымсыз, сыни ой-пікірдің қалыптасуына әкелетін – дисфункционалды әсер тудыруы мүмкін.

Бейнежазбадағы психологиялық әдіс-тәсілдер әсерінің нәтижесінде қоғамдағы келесі адамдар тобының жай-күйі, ой-пікірі мен мінез-құлқы өзгеруі мүмкін:

- мәдени деңгейі жоғары, сөздердің мағынасын толық түсінетін, ішкі сенімдері материалдарда баяндалған ақпаратпен сәйкес келетін адамдар;

- жеткілікті сыни қабілеті жоқ, жеткілікті өзінің сын түйіні жоқ немесе баяндалған ақпаратқа бір жақты көзқараспен қарайтын адамдар;

4. Зерттеуге ұсынылған бейнежазба стенограммасында «Д» (Мұхаммедкәрім Думан Алмасұлы) деп белгіленген коммуникант сөздерінде экстремисттік идеялармен көзқарастарды насихаттау белгілері бар;

5. Зерттеуге ұсынылған бейнежазба стенограммасында «Д» (Мұхаммедкәрім Думан Алмасұлы) деп белгіленген коммуникант сөздерінде

«КДТ» (Қазақстанның демократиялық таңдауы) экстремистік ұйымының қызметіне қатысу белгілері бар. Ал, ұйымдастыру белгілері жоқ;

6. Зерттеуге ұсынылған бейнежазба стенограммасында «Д» (Мұхаммедкәрім Думан Алмасұлы) деп белгіленген коммуникант сөздерінде «КДТ» (Қазақстанның демократиялық таңдауы) экстремистік ұйымының қызметін қаржыландыруға шақыру, сонымен қатар қаржыландыруды ұйымдастыру белгілері бар.

Сөйтіп, 09.07.1978 жылы туылған Мұхаммедкәрім Думан Алмасұлы, террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілікті, яғни ҚР ҚК-нің 258-бабы 1-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Сөйтіп, 09.07.1978 жылы туылған Мұхаммедкәрім Думан Алмасұлы, қоғамдық немесе діни бірлестікке немесе өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, олардың қызметіне қатысып, ҚР ҚК-нің 405-бабы 2-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Қорыта келгенде, 09.07.1978 жылы туылған Мұхаммедкәрім Думан Алмасұлы, ҚР ҚК-нің 258-бабы 1-бөлігінде және ҚР ҚК-нің 405-бабы 2-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР ҚПК-нің 60, 198, 203, 204-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТтім:

1. Осы қылмыстық іс бойынша күдікті Мұхаммедкәрім Думан Алмасұлы, 09.07.1978 ж.т., Шығыс Қазақстан облысында туып-өскен, әрекеттерін ҚР ҚК-нің 258-бабы 1-бөлігі, 405-бабы 2-бөлігі бойынша саралауды.
2. Осы қаулы көшірмесін қадағалаушы прокурорға жолдауды.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлауды.

Алматы облысы полиция
Департаментінің тергеу
Басқармасының аға тергеушісі

САҒДОЛДА Т.Б.

ҚР ҚПК-нің 64-баптарына күдіктінің мынадай құқықтары түсіндірілді:

- 1) ұстап алуы жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға; 2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; 3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; 5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша

«Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізлімі» АЖ

Құжатты дайындады және қол қойды: САҒДОЛДА Т.Б., 22.06.2023 жылы 12:50 (Астана қ. уақыты бойынша), egrg@kgp.kz
Құжатты келісілді: Қарымсақов Б.Б., 22.06.2023 жылы 13:01 (Астана қ. уақыты бойынша), egrg@kgp.kz

Құжатты дайындады және қол қойды: САҒДОЛДА Т.Б., 22.06.2023 жылы 12:50 (Астана қ. уақыты бойынша), egd@kqr.kz
Құжатты келісілді: Қарымсаков Б.Б., 22.06.2023 жылы 13:01 (Астана қ. уақыты бойынша), egd@kqr.kz

және құпия кездесуге; 6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге; 7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға; 8) айғақ беруден бас тартуға; 9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға; 10) дәлелдемелерді ұсынуға; 11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 13-1) өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацацияны жүргізу үшін пробацация қызметіне жүгінуге; 14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға; 15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға; 16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процесік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процесік келісімді жасасуға; 17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға секертулер беруге; 18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; 19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚПК-нің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; 21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; 22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге; 23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процесік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесі жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға; 24) өзіне қарсы айғақ берген куәдел қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

ҚР ҚПК 206 бабына сәйкес осы қаулы маған жарияланды, күдіктінің мәні және күдіктінің құқықтары түсіндірілді. Қаулының көшірмесін алдым.

Күдікті:

Мұхаммедкәрім Д.А.

Қаулы күдікті Мұхаммедкәрім Д.А. 2023 жылғы «09» маусым №112 ордерді ұсынған қорғаушы Г.Нурпеисовтың қатысуымен жарияланды.

Қаулымен таныстырылды:

Күдікті:

Мұхаммедкәрім Д.А.

22.06.2023


«Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізлімі» АЖ

Құжатты дайындады және қол қойды: САҒДОЛДА Т.Б., 22.06.2023 жылы 12:50 (Астана қ. уақыты бойынша), egdt@kqsp.kz
Құжатты келісілді: Карымсаков Б.Б., 22.06.2023 жылы 13:01 (Астана қ. уақыты бойынша), egdt@kqsp.kz

Қаулыны жарияланды:

Алматы облысы полиция
Департаментінің тергеу
Басқармасының аға тергеушісі

САҒДОЛДА Т.Б.



«Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тәлімі» АЖ



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды